



ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY



ЖАСТАР

ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

1 Маусым Балалар күні

🎉 1 маусым Alikhan Bokeikhan University басшылығының ұйымдастыруымен Халықаралық балаларды қорғау күніне арнайы мерекелік бағдарлама өткізілді!

🧸 Бүлдіршін Алиханшыларымыз үшін айтарлықтай ұмытылмас көңілді күн болды!

🎪 Балапандарымызға мерекелері естен кетпестей ерекше болуы үшін, концерттік бағдарлама, сүйікті мультфильм кейіпкерлерімен ойындар ойнатылып, тәтті мақта және де түрлі сусындар мен балмұздақтар таратылды.

🎁 Сондай ақ сурет жарысы және де басқа да қызықты ойындар ойнатылып, бүлдіршіндерімізге ерекше сыйлықтар табысталды!





13 маусым Құнанбай Өскенбайұлының

Әлихан Бөкейхан Университетінің жастары Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына орай киелі Жидебай жеріне танымдық саяхат жасап, Абай Құнанбайұлының кіндік қаны тамған жерлердің шежірелі тарихымен танысып қайтты. Іс сапарға 18 студент қатысып, туған өлкенің тарихына шолу жасады.

24 Масым

Есірткісіз жарқыра

Әлихан Бөкейхан университетінің басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары 26 маусым – Халықаралық есірткіге және есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай «Есірткісіз жарқыра!» жүгіру акциясын ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, қоғам назарын есірткі пайдаланудың зияны мен есірткі тарату проблемаларына аудару. Өскелең ұрпаққа салауатты өмір әдеттерін сіңіру.

Жүгіру Бейбітшілік аралынан басталып, орталық Арбатта, Әлихан Бөкейхан университетінің ғимараты жанында аяқталды. Акцияға университеттің ректорат мүшелері, оқытушылары мен білім алушылары, сондай-ақ мектеп оқушылары қатысты.

Акция соңында жүгіруге қатысқан жастар үшін түрлі ойындар мен квест-тапсырмалар ұйымдастырылды.



XXI ғасырға — 21 сабақ

Әлихан жастары кітап оқу апталығын бастады! Кітап оқу апталығының бірінші кітабы — Ювал Ноа Хараридің «XXI ғасырға — 21 сабақ» атты еңбегі. «XXI ғасырға — 21 сабақ» — дүние жүзінің елуден астам тіліне аударылған «Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы» және «Homo Deus: Болашақтың қысқаша тарихы» кітаптарының авторы Ювал Хараридің үшінші туындысы. Бұл еңбекте тарихшы қазіргі заманның өзекті мәселелерін қозғайды. Әр студент кітапты бірнеше бөлікке бөліп алып, сол бөліктер бойынша дайындалып келді. Кітапты толық талдап, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

25 маусым



27-маусым 5-шілде

түлектерге диплом
табыстау салтанаты



ШІЛДЕ-22

Ауылым – алтын бесігім

13-14 шілде күндері Семей қаласында «Ауылым – алтын бесігім» атты республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Турнир Британдық парламенттік форматта және Линкольн-Дуглас форматында ұйымдастырылды.

Турнирдің ең үлкен көлемі (ТЭБ): 32 фракцияға арналған. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған спикерлерге арнайы жүлде қоры қарастырылды.

1 орын - 150.000

Финалист - 50.000

Үздік спикер - 50.000

Үздік төреші - 50.000





ALIKHAN BUKEIKHAN
UNIVERSITY

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КИНО КЕШ

Жыл сайынғы дәстүр бойынша бас ғимаратымыздың ауласында ашық аспан астында CINEMA TIME атты кино кеші ұйымдастырылды. Әр сенбі өткен бұл іс-шарада 30 белсенді студент ұйымдастырушылық қызмет атқарса, әрбір кешке 40-50 шақты түлектер, болашақ студенттер, қала тұрғынлары келіп, әр жанрдағы киномен өз көңілдерін көтерді.




ШІЛДЕ-22

QAZAQ

MARATHON

Әлихан Бөкейхан университетінің студенттері, қызметкерлері мен түлектері қаламызда өткен QAZAQ MARATHON АБАҰ жарысына белсенді қатысты.

Жарыс мәресіне шығып, салауатты өмір салты мен спортты насихаттаған адамдармен бірге, жарыстың жақсы ұйымдастырылып, сәтті өтуіне атсалысқан волонтер-студенттеріміз де көп болды.



10-тамыз ҰЛЫ АБАЙ КҮНІ

10 тамыз – Абай күніне орай назарларыңызға ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған әдеби-танымдық бейнежазбалар сериясы ұсынылды. Сонымен қатар, белсенді студенттер арасында ерекше челлендж бастау алды. Олар Абай атамыздың өлеңдері мен қара сөздерін жаттап, өз әлеуметтік желілеріне жариялап, дана ойдың құндылығын дәріптеді. Бұл бастама жас ұрпаққа Абай мұрасын жақындатып, рухани байлығымызды жаңғыртуға бағытталған тамаша үлгі болды.



Жас Заңгерлер ҚҚ - Ресми куәлік табыстау салтанаты

12 тамыз

12 тамыз университетіміздің “Жас заңгерлер достастығы” Қоғамдық қорының мүшелеріне ресми куәліктер табысталды!

💡 Белсенді студенттер арнайы алғыс хаттармен марапатталды!

🏛️ Ендігі кезекте жас заңгерлеріміз алмасу бағдарламасы бойынша Өзбекстан мемлекеті “NUKUS” университетінде білім алады.




23-тамыз

**Әлихан өрендері -
Серпін студенттерін
күтіп алу**







Қыркүйек - 2



Гуманитарлық факультеті



Заң факультеті



Ақпараттық Технологиялар және Экономика

Әлихан Бөкейхан Университеті 1 курсқа түскен өрендерін салтанатты түрде қарсы алды.

📖 Білім күніне орай ұйымдастырылған мерекелік салтанат Университеттің бас ғимаратының жанындағы, Орталық Арбат алаңында өтті.

🇰🇿 Биыл Университетімізге 2600-ге жуық өрен оқуға тусты. Жоғары білім алып, білікті маман болу үшін Әлихан Университетін тандап, оқуға түскен студенттер арасында Маңғыстау, Атырау, Түркістан, Қызылорда, Жетісу, Алматы, Ақмола, Ұлытау, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Абай облысының жастары бар.

🌟 Жас Әлиханшыларға құттықтау сөздерін арнаған Университет Президенті, саяси ғылымдар докторы, профессор Шырын Асылханқызы Курманбаева студенттерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, білім алушыларға баянды болашақ, қызықты студенттік өмір, көздеген мақсаттары мен аңсаған армандарының орындалуын тіледі.

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қыркүйек - 6



6 - Қыркүйек Жастар ұйымдарының жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде Студенттік деканаттар мен Жастар ұйымдары, өнер көрсетіп, жас элиханшылармен бір толқында болды!

★ Жәрмеңке барысында келесі ұйымдар өз жұмыстарымен таныстырды:

- Заң факультетінің Студенттік деканаты;
- Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінің Студенттік деканаты;
- Гуманитарлық факультеттің Студенттік деканаты;
-

«Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қоры;

- «Ақниет» еріктелір қозғалысы;
- «Үркер» студенттік өнер орталығы;
- «Enactus» жас кәсіпкерлер командасы;
- «Жастар Рухы» Жастар Қанаты» ұйымы;
- «Эверест» интеллектуалды дебат клубы;
- «ABU Jaidarman» құрама командасы;
- «INSIDE» заманауи би үйірмесі.

🎁 Жәрмеңкеге белсенді қатысқан студенттерімізге ABU брендтік бұйымдары сыйға тартылды!

Жастар ісі жөніндегі комитет қатарына 421 студент қабылданды.

10 қыркүйек

Ресми жиналысы

10 қыркүйек күні Жастар ісі жөніндегі комитеттің алғашқы ресми жиналысы ерекше көңіл-күймен өтті. Жиналыс барысында 1-курс студенттері белсенділік танытып, өздерінің шығармашылық әлеуетін көрсетті.

Жиналысқа 400 студент қатысып, ресми түрде Жас Әлиханшылар қатарына енді.

Бұл жиналыс студенттердің бір-бірімен танысып, алдағы белсенді қызметтің жарқын бастамасы болды.

sport: 15.09. 2024

BIG FOOTBALL



×

15 қыркүйек күні 1 курс белсенділері мен университетіміздің оқытушылар құрамы арасында Vokeikhan Big Football Day атты достық кездесу ойыны өтті.

⚽ Оқытушылар қауымы мен студенттерден құралған командалар үлкен футболдан достық кездесу өткізіп, жексенбілік күндерін спортқа арнады.

🏆 Vokeikhan Big Football Day атымен өткен достық кездесу құрама командалары 6:6 есебімен тең түсті.

20 ҚЫРКҮЙЕК

OYLANIP KOR

2024 жылдың 20 қыркүйек күні Әлихан Бөкейхан университетінің қабырғасында “EVEREST” интеллектуалды дебат клубының ұйымдастыруымен 1-курс студенттері арасында “OYLANIP KOR” атты қызықты квиз ойындары өтті.

🌟 Ойынның ерекшелігі – қатысушылар әртүрлі ұйымдар мен факультеттерден құралған командалар ретінде жарысты. Жалпы, сайысқа 10 команда қатысып, өз білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін сынады.

Квиз қорытындысы бойынша жеңімпаздар:

- 1-орын: “Бригада” командасы
- 2-орын: “АТЭФ жастары”
- 3-орын: “Бизнес по АСК”

Бұл ойын студенттердің ұжымдық жұмыс жасау дағдыларын жетілдіріп, білім мен шығармашылықты ұштастыруға бағытталған қызықты іс-шара болды. Қатысушылардың белсенділігі мен ұйымшылдығы ерекше мақтауға лайық!



20 қыркүйек

“Қазақстан Студенттерінің Альянсы” жыл сайынғы дәстүрге айналған “Қалың қалай, студент?” атты акциясын биыл да жалғастырды. Бұл бастама студенттердің жағдайын жақсарту мен олардың пікірін тыңдауға бағытталған ерекше жоба.

📍 Алғашқы рубрика университет жатақханасында өтті. Шара барысында ұйымдастырушылар жатақханадағы студенттердің күнделікті өмірімен танысып, олардың тұрмыстық жағдайына шолу жасады.

Студенттермен сұхбаттасу арқылы олардың ой-пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды. Жатақханадағы орта мен мүмкіндіктер туралы айтылған пікірлер алдағы уақытта жағдайды жақсартуға септігін тигізбек.

Бұл акция – жастардың мәселелерін назарда ұстап, олардың өмірін жақсартуға бағытталған маңызды қадам. “Қалың қалай, студент?” акциясы жыл сайын студенттердің көңілінен шығып, оларды қолдаудың жарқын үлгісі болып келеді.



Қалың қалай, студент?



22 ҚЫРКҮЙЕК

Ақ-Ниет

2024 жылдың 22 қыркүйегінде Әлихан Бөкейхан университетінің “Ақ-Ниет” волонтерлық ұйымы қала күніне арналған үлкен іс-шараға белсене қатысып, еріктілік қызметін атқарды.

☀️ Іс-шара барысында “Ақ-Ниет” еріктілері жиналған қала тұрғындары, қонақтар және балалармен жылы қарым-қатынас орнатып, олардың көңілін көтеру үшін бар күш-жігерін салды.

🎉 Волонтерлар өздерінің мейірімділігімен, белсенділігімен және ұйымшылдығымен ерекше көзге түсіп, шараға қатысушыларға керемет көңіл күй сыйлай алды. Бұл іс-шара тек мерекелік көңіл-күймен ғана емес, сонымен қатар адамдардың бір-біріне деген жанашырлығын арттырған сәтті күн болды.

“Ақ-Ниет” ұйымының осындай игі бастамалары қоғамның бірлігін нығайтып, жастардың еріктілікке деген құштарлығын арттырып келеді.



22 ҚЫРКҮЙЕК

Revival 7

2024 жылдың 25 қыркүйегінде “Alikhan Bokeikhan University” студенттері «Жас Заңгерлер Достастығы» ҚҚ мен “Revival 7” жергілікті қоғамды дамыту қоры ұйымдастырған тренингке қатысты.

📌 Тренингтің басты мақсаты:

- Азаматтардың белсенділікке қызығушылығын арттыру;
- Қоғамдық ұйымдар арасында тәжірибе алмасу;
- Заңгерлер мен қордың белсенді студенттерін адвокация компанияларының жұмыстары туралы таныстыру.

💡 Іс-шара барысында қатысушылар қоғамдық белсенділіктің маңыздылығы туралы тың идеялармен танысып, тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, адвокация саласындағы жаңа мүмкіндіктер мен бағыттар талқыланды.

Тренинг студенттердің заңгерлік білімін жетілдірумен қатар, олардың азаматтық қоғамды дамытуға қосатын үлесін арттыруға бағытталды. Бұл іс-шара болашақ заңгерлер мен белсенді жастар үшін маңызды тәжірибе алаңы болды.



27 ҚЫРКҮЙЕК

TALANT FEST 2024

Қыркүйек айының 27-ші жұлдызында ҮРКЕР өнер ұйымы «TALANT FEST 2024» фестивалін өткізді!

🎵 Кастингке жан-жақты, өнерпаз жастар қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін паш етті. Әрбір қатысушының өнері ерекше, ал әр қайсысының таланты өз алдына бір әлем екенін көрсетті.

Қатысқан әрбір студент жаңа бастауларымен бізді қуантты. Осы керемет бастаманың алғашқы қадамы сәтті аяқталды, ал фестивальдің соңғы нәтижесі біз үшін жаңа мүмкіндіктер мен шығармашылықтың жаңа шыңдарын ашуға жол ашары сөзсіз.



:AQ-niet

Мұқтаж жанға қол ұшын созу – халқымыздың ізгі қасиеттерінің бірі. Осы аптада “Ақ-Ниет” волонтерлер ұйымының белсенділері тумасынан сирек сырқатқа шалдыққан Қалибеков Ерасылға қолдау көрсету үшін қайырымдылық концертін ұйымдастырды.

🎤 Концертке Семей медицина университеті мен Мұхтар Әуезов атындағы колледж студенттері де қатысты.

🎯 Мақсат – билет сатудан түскен қаржыны Ерасылдың еміне қажетті Zolgensma дәрісін алуға жұмсау. Концерт пен челлендж нәтижесінде 250 мың теңге жиналып, отбасыға табысталды.



29-ҚЫРКҮЙЕК JQ Games

Университетіміздің Жастар ісі жөніндегі комитеті ұйымдастырған Counter Strike 2 кибер-турнирі өтті. Турнир “JQ Games” компьютерлік ойындар клубында ұйымдастырылып, оған 18 команда қатысты.

🏆 Екі күндік турнирдің қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған команда — Заң факультеті мен Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінің студенттерінен құралған құрам.


Жеңімпаздар құрамында:

- Дүйсембеков Илан
- Оразханов Алдияр
- Малик Бекзат
- Смаилов Жанибек
- Расчетов Павел

Жеңімпаздар университетімізді өңірлік кибер-спорт жарыстарында қорғау құрметіне ие болды. Бұл жарыстар Күзгі Студенттік Фестиваль аясында өтті.

ҚАЗАН АЙЫ ЖАРҚЫН ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН БАСТАУ АЛДЫ. 4 ҚАЗАН КҮНІ АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ “ЖАСТАР” ТЕАТРЫ АКТЕРЛЕРІМЕН ӘСЕРЛІ КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ШАРАҒА ЕҢ БЕЛСЕНДІ ДЕГЕН 80 СТУДЕНТ ҚАТЫСЫП, ТАЛАНТТЫ АКТЕРЛЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ ЖҮЗДЕСІП, ОЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ТЕАТР ӘЛЕМІНДЕГІ БАҒА ЖЕТПЕС ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫ.

КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕР ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕРІН БІЛДІРІП, АКТЕРЛЕРДЕН ШАБЫТ АЛЫП, ЕРЕКШЕ ӨНЕРЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ. КЕЙБІРІ ӨЛЕҢ ОҚЫП, АКТЕРЛЕРМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘҢГІМЕ ӨРБИТТІ. БҰЛ ӘСЕРЛІ ЖҮЗДЕСУ ЖАСТАРЫМЫЗ ҮШІН РУХАНИ ЖАҢАЛЫҚ ПЕН ШАБЫТТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫ.



7-11 Қазан

7-11 қазан аралығында өткен Студенттік фестиваль ерекше тартысқа толы мерекеге айналды. Алты түрлі бағытта ұйымдастырылған бұл шарада біздің университетіміз өз белсенділігі мен бірлігін жоғары деңгейде көрсетті. Атап айтсақ:

1. Үздік оқу орны бейнероликтер байқауы
2. Көркем өнерпаздар байқауы
3. Оқу орындары арасындағы квиз ойындары
4. Оқу орындары арасындағы стритбол жарысы
5. Киберспорт турнирі
6. Заманауи биден баттл

Біздің университет осы 6 бағыттың үшеуінен жеңімпаз атанып, жүлделі 1 орын иемденді. Бұл студенттік фестиваль бас жүлде 2 ЖОҒАРҒА ОҚУ ОРНЫ да жеңіп алуымен ерекшеленді.

Фестивальға 100-ге жуық студент қатысып, әр бағытқа бар күш-жігерімен дайындалды. Шара аяқталған соң, жеңіске жетуге үлес қосқан әр белсенді студент марапатқа ие болып, алғысқа бөленді.





SMU +

SMU_VOKEIKHAN



- Алғашқы медициналық көмек пен азаматтық құқықтық қатынастар, медицина қызметтерінің құқықтары мен міндеттері тақырыптарында тренинг, мастер класстар.

Алғашқы көмек



13 ҚАЗАН

СЕМЕЙ ОРМАНЫ

13 қазан күні экологияны қорғауға бағытталған ерекше акция өтті. Белгілі эко-блогер Алексей Сибирскийдің бастамасымен ұйымдастырылған бұл шара “Семей орманы” резерваты аумағында алапат өрт салдарынан жанып кеткен орманның орнын қалпына келтіруді мақсат етті.

Суық ауа райына қарамастан, табиғатқа жанашырлық танытқан 150 студент 20 мың көшет отырғызды. Бұл игі іс туған жердің экологиясын жақсартуға жасалған зор үлес қана емес, табиғатты қорғауға деген жауапкершіліктің жарқын көрінісі болды.

Акциядан кейін студенттердің қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін факультет және ұйым төрайымдарына Арман Оспанов атынан Invictus спорт кешеніне 1 күндік абонемент сыйға тартылды. Бұл сыйлық олардың еңбектеріне деген алғыс пен шабыт сыйлады. Табиғатқа жанашыр жандардың бұл әрекеті ұрпаққа үлгі боларлық іс болып қала бермек.

13 ҚАЗАН Заң факультет

Әлихан Бекейхан Университетінің Заң факультетінің студенттері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастыруымен Сарсен Аманжолов атындағы университеттің базасында өткен командалық интеллектуалды ойындарда сәтті өнер көрсетті. Студенттеріміз ойында 2 орынға ие болып, Абай, Ұлытау, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Алматы қаласынан келген көптеген командаларды артта қалдырды.




16 қараша

Университетіміздің жатақханасында Жастар ісі жөніндегі комитет ұйымдастыруымен SHAZAM-КЕШІ өтті.

🚀 Студенттер күніне арналған ерекше SHAZAM-ОЙЫНЫ жатақхана студенттері үшін өте әсерлі өтті! Бұл жай кеш емес, белсенділердің қатысуымен интерактивті ойынға айналды! 🎧

- 💡 Кеште бірнеше кезеңдер болды:
- Әнді тап: сүйікті әуендеріңіздің алғашқы нотасынан-ақ танып үлгересіз бе?
 - Музыкалық тапсырмалар: ән айту, би билеу немесе әуенді табу;
 - Белсенді қатысушыларды тосынсыйлар күтеді.

SHAZAM-КЕШІ




19-ҚАЗАН

19.10.2024 жылы «Alikhan Bokeikhan University» заң факультетінде “Жас заңгерлер достастығы” қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және заң факультетінің кіші деканатымен бірлескен Семей медицина университетінің “FAMS” жастар ұйымының қатысуымен белсенділерге арналған тренинг өтті.

- Тренингте эпилепсия, эпилепсия кезінде алғашқы көмек көрсету және басқа да көмек көрсету түрлері туралы айтылды.
- Заң факультетінің студенттері азаматтық құқық бұзушылықтар туралы түсіндіріп, тәжірибе алмасты.

ЖАС ЗАҢГЕРЛЕР ДОСТАСТЫҒЫ



РЕСПУБЛИКА КҮНІ 24-Қазан

«Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен «Республика күніне» орай интеллектуалдық «Quiz» ойыны өткізілді.

Бұл шараның мақсаты – қатысушылардың тарихи және саяси білімдерін тексеріп, қазақстандық патриотизм мен азаматтық сана-сезімін дамыту болды.

Іс-шара барысында 11 топтың арасынан жеңімпаздар анықталып, оларға арнайы сыйлықтар мен мақтау қағаздары табысталды:

- I орын – «Бозторғай» тобы
- II орын – «Элита» тобы
- III орын – «THERAPY» тобы

Осындай Quiz ойындары жастар арасында білімге деген қызығушылықты арттырып, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.





ALIKHAN BUKEIKHAN
UNIVERSITY

24-ҚАЗАН

Үздік актриса

Студенттеріміздің “Үркер” өнер орталығы Республика күні қарсаңында қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен “Студенттік жастар театры – 2024” байқауына қатысты.

- Өнерпаздар байқау сахнасында жазушы-драматург Саид Ахмадтың “Келіндер көтерілісі” пьесасын қойды.

- Байқау нәтижесі бойынша қазылар алқасы студенттеріміздің шығармашылық бастамасын жоғары бағалап, “Үркер” орталығының мүшесі, Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінің 1-курс студенті Айзада Мұратоваға “Үздік актриса” номинациясын табыстады.

Студенттеріміздің “Үркер” өнер орталығы Республика күні қарсаңында қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен “Студенттік жастар театры – 2024” байқауына қатысты.

- Өнерпаздар байқау сахнасында жазушы-драматург Саид Ахмадтың “Келіндер көтерілісі” пьесасын қойды.

- Байқау нәтижесі бойынша қазылар алқасы студенттеріміздің шығармашылық бастамасын жоғары бағалап, “Үркер” орталығының мүшесі, Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінің 1-курс студенті Айзада Мұратоваға “Үздік актриса” номинациясын табыстады.



СЕРТИФИКАТ
ҮЗДІК АКТРИСА
50 000

24-ҚАЗАН

Horror Cinema Time

24.10.2024 жылы Гуманитарлық факультетте “Horror Cinema Time” кеші өтті.

Кеш тек фильм көрумен шектелмей, зал ішіндегі түрлі дыбыстық эффектілер мен арнайы аниматордың қатысуымен ерекше атмосферада ұйымдастырылды.



OPTIMUS

25 қазанда Заң факультетінде Республика күніне орай “Жас заңгерлер достастығы” қоры мен “Optimus” клубы 2-курс студенттері арасында азаматтық құқық пәнінен олимпиада өткізді.

Олимпиада екі кезеңнен тұрды:

Тест тапсырмаларын орындау.

Ситуациялық тапсырмаларды шешу.

Әділ қазылар алқасы:

Азаматтық пәндер кафедрасының меңгерушісі
Флюра Ғалымқызы,

“Optimus” клубының жетекшісі Дастан
Нұртөлеуұлы,

Кіші декан Бегзат Бегділдаұлы.

Іс-шарада концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, жеңімпаздар алғыс хаттар мен медальдармен марапатталды. Бұл олимпиада студенттердің білімдерін арттырып, азаматтық құқық саласындағы дағдыларын дамытуға жол ашты.

25 Қазан



BOL BIZBEN BIRGE

ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕРІНІҢ АЛЪЯНСЫ


ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕРІНІҢ АЛЪЯНСЫ ӨЗДЕРІНІҢ ЖАҢА ӘРІ ЕРЕКШЕ БІР РУБРИКАСЫН БАСТАДЫ. РУБРИКАНЫҢ АТАУЫ – “BOL BIZBEN BIRGE”.

БҰЛ РУБРИКАНЫҢ МАҚСАТЫ – СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫН АШУ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖӘНЕ ӨЗ ОЙЛАРЫН ЕРКІН ЖЕТКІЗЕ БІЛУГЕ МҮМКІНДІК БЕРУ.

1 ҚАРАША

SEMEY

PAGE 09



1 қараша күні Әлихан жастары футзалдан Ел чемпионатының маусымашар ойынын тамашалап, қаламыздың “Семей” командасына жанкүйер болды.

“Қайрат” пен “Семей” командаларының жаңа маусымдағы алғашқы ойыны 3:3 есебімен аяқталды. Ел мықтылары тартысты маусым боларын осы ойында-ақ көрсетті.

1 ҚАРАША

СЕМЕЙ


ФУТБОЛ



“Ақ-Ніет” волонтерлік ұйымының еріктілері Семей футбол клубында қызмет атқарып, көрермендерді қарсы алды.

Тәртіпті бақылап, көмек көрсетіп, ұйымшыл жұмысқа белсене атсалысты.

Ең басты жаңалық - Семей футзал клубының ресми еріктілері атанды.



7 қараша

MOVIE NIGHT

7 қараша күні Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінде «Movie Night» атты іс-шара өтті.

- Кеш барысында студенттер қорқынышты фильм көріп, адреналинге бөленді.

- 1-курс студенттерінің көңіл-күйін көтеру мақсатында жоғары курс студенттері атынан арнайы жеңіл тағамдар ұсынылды.

- Іс-шара студенттердің қалауымен кішігірім дискомен аяқталды.





БАСТАУ – 2024



BASTAU

2024

EVEREST

БАСТАУ - 2024

Әлихан Бөкейхан университетінде мектеп оқушылары арасында дәстүрлі “BASTAU” дебат турнирі өтті. Турнирге Назарбаев Зияткерлік мектебі, Білім–Инновация лицейі, Экономикалық лицей және қаладағы басқа да мектептерден 40-қа жуық команда тіркеліп, іріктелген 28 фракция қатысты. Пікірсайыстар Британдық парламенттік форматта өтті.

Талқыланған тақырыптар:

- Жеке бас адалдығы
- Әділетті қоғам құру
- Ұлттық мәдениет және жаһандану
- Геосаяси қақтығыстар

Нәтижелер:

- Бас жүлде: “Nazarbaev’s kids” (Айтқалиева Дана, Мұрзагазин Айсұлтан)
- I орын: “Купидон” (Оразалы Нұрай, Мақсұтова Айзере)
- II орын: “Расул 2” (Мейірбекұлы Расул, Айтқазы Расул)
- III орын: “Girl’s girl” (Төлендинова Әдия, Қасенова Қаусар)

Арнайы номинациялар:

- “Үздік спикер” – Айтқалиева Дана
- “Үздік төреші” – Сәрсен Жанерке

Турнир жас пікірсайысшылардың шеберлігін арттырып, маңызды тақырыптарды талқылауға мүмкіндік берді.





14- Қараша

Жастар арасындағы ынтымақтастық Абай облысының жастарының әлеуетін дамыту мен қолдауға бағытталған маңызды қадам жасалды. Қаламыздағы үш ЖОО мен Жастар мәслихаты арасында ынтымақтастықты нығайту мақсатында арнайы меморандумға қол қойылды. Бұл келісім жастардың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып, болашаққа нық қадам жасауға жол көрсетті.



Меморандум



Бір толқындағы жастар

18-Қараша

18 Қараша – Жылдың қорытынды кеші “Жасампаз елдің жаңа қадамы – бір толқындағы жастар!” атты ІІ облыстық қорытынды кеші жалынды жастардың жетістіктерін атап өтуге арналды. Бұл кеш тек жылды қорытындылап қана қоймай, жасампаздыққа ұмтылған жастардың болашаққа жаңа бағыт алуына негіз болды. Университетіміздің ең белсенді студенттері еңбектері үшін марапатталды:

- “Үздік SMM маманы” – Ақбота Саятқызы
- “Үздік мобилограф” – Нұрланұлы Әкежан.

14-Қараша

🔍 “SAMҒАУ” қабылдау кеші

SAMҒАУ

14 - Қараша “Самғау 2024” дәстүрлі қабылдау кеші

Қаламыздың ең сәнді салтанат сарайы — Тайқазан мейрамханасында студенттік өмірдің ерекше мерекесі өтті. “Самғау 2024” дәстүрлі қабылдау кеші мыңнан астам студентті бір шаңырақ астына жинап, ұмытылмас әсер сыйлады. Шара барысында үш факультеттің студенттері өнерлерін паш етіп, көрермендердің ықыласына бөленді. Кештің ең салтанатты сәтінде 4-курс студенттері 1-курс студенттеріне университет туын, кілтін және студенттік билетті ресми түрде табыстап, болашаққа сеніммен қадам жасауға ақ жол тіледі.

20 ҚАРАША

Алғыс білдіру

20.11.2024 күні бірінші курс студенттері Гуманитарлық факультеттің студенттік деканаты мен факультет басшылығына арнап ұйымдастырған “Алғыс білдіру” іс-шарасы өтті.

Іс-шарада бірінші курс студенттері алғыс білдіру мақсатында тосынсый дайындап, өз өнерлерін көрсетті. Бұл іс-шара факультеттегі ынтымақтастықты нығайтып, студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік берді.





23 ҚАРАША

НЕВЗОРОВТАР

Ақпараттық технологиялар және экономика факультетінің студенттері “Невзорортар” мұражайына саяхат жасады.

Бұл ерекше мәдени шараның басты мақсаты – студенттердің өнерге деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық ойлауын дамыту болды.

Мұражайдағы таңғажайып өнер туындылары студенттерді бей-жай қалдырмады. Олар керме экспонаттарының мән-мағынасын талқылап, шығармашылық әлемге деген көзқарастарын кеңейтті.



26 қараша

ҒЫЛЫМҒА САЯХАТ

Әлихан Бөкейханов атындағы университеттің Ақпараттық технологиялар және экономика факультетіне жас талапкерлер келіп, өздерінің білімге деген қызығушылықтарын көрсетті.



Университеттің білікті оқытушылары мен 2 және 4 курс студенттері білім ордасын таныстыру мақсатында қызықты тәжірибелер көрсетіп, “Ғылымға саяхат” күні аясында “Тәжірибелер шеберханасы” атты іс-шара өткізді.

Бұл шара жас талапкерлер үшін үлкен ынталандыру мен болашақта ғылыми зерттеулерге деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.



Іс-шара барысында оқушылар ғылымның әртүрлі салалары бойынша қызықты тәжірибелерді өз көздерімен көріп, білімге деген қызығушылықтарын көрсетті. Олардың белсенділігі мен қызығушылығы бағаланып, әрбір оқушыға жеке мақтау қағаздары мен кішігірім сыйлықтар табысталды.



26 Қараша

GAME START

Қараша айының 26-сы жұлдызында АТЭФ жастарының көңіл-күйін көтеріп, бірлігін нығайтуға арналған GAME START атты іс-шара өткізілді.

Ұйымдастырылған кішігірім іс-шара барысында әрбір студент ерекше көңіл-күйге бөленіп, өзін белсенді өмірдің бір бөлігі ретінде сезінді.

Бұл шараның басты мақсаты – жастар арасында ынтымақ пен достықты нығайту, позитивті эмоциялар сыйлау болды. Қызықты ойындар, шығармашылық тапсырмалар мен ерекше атмосфера әрбір қатысушының көңілінен шықты. Барлығы ұйымшылдық танытып, шараны есте қаларлықтай етуге атсалысты.



цели баланса жизни



29 Қараша



ВЕНА БАЛЫ - 2024

Қараша айының 29-шы жұлдызында «Қазақстан Студенттер Альянсы» ұйымының ұйымдастыруымен өткен «Вена балы-2024» кешінде Алихан Бекейхан университетінің дарынды да талантты студенттері бақ сынаған болатын. «Вена балы-2024» кешіне университеттер мен колледждер арасынан 5 команда қатысты. Сайыс өте тартысты өтті деп айтуға болады. Әр команда өз таланттары мен өнерлерін ортаға салды. Нәтижесінде, Алихан Бекейхан университетінің солисттері «Ең үздік жұп» номинациясының иегері атанды.



он такой классный, я —



ТЕРГЕУ-ПРОКУРОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

29 қарашада

ABU Заң факультетінде университеттер мен колледждердің заң факультеті студенттері арасында қылмыстық істер бойынша оқу сот процесінің өңірлік конкурсы өтті. Іс-шараны ұйымдастырған - Alikhan Bokeikhan University Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы.

Қатысушы командалар:

1. Alikhan Bokeikhan University (Семей)
2. Қазақстан-Американдық Еркін университеті (Өскемен)
3. Innovative College (Семей)

Байқаудың мақсаты - студенттердің қылмыстық құқық саласындағы білімін нығайту, сот процесін жүргізу дағдыларын жетілдіру, кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Төрешілер құрамында:

- Назгүл Саттарқызы Абдуалиева (Абай облыстық сотының судьясы)
- Жібек Мұхитқызы Тумабаева (Семей қаласы прокуратурасының прокуроры)
- Гүлшағи Құрманбайқызы Құрманбаева (Абай облысының адвокаттар алқасының адвокаты)
- Ұлан Нұрланұлы Тлеукенов (Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі)

Номинация иегерлері:

- Үздік судья: Жакуева Ұлпан (Қазақстан-Американдық Еркін университеті)
- Үздік мемлекеттік айыптаушы: Махметова Назира (Innovative College)
- Қорғаудың үздік жағы: Батырханов Елдос (Қазақстан-Американдық Еркін университеті)
- Үздік рөл: Арқатқызы Альбина (Innovative College)

Жеңімпаздар:

- I орын: Қазақстан-Американдық Еркін университеті
- II орын: Alikhan Bokeikhan University
- III орын: Innovative College

Барлық жеңімпаздар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Бұл байқау студенттер үшін кәсіби білім мен дағдыларды арттыруға және құқық саласында тәжірибе жинауға мүмкіндік берді.

5-Желтоқсан

Шаңырақ студенттік ассамблеясы

5 Желтоқсан – Ынтымақтастық меморандумы “Alikhan Bokeikhan University” студенттік ассамблеясы қаламыздың 2 ЖОО және 5 колледжімен бірлесе отырып, маңызды меморандумға қол қойды. Меморандумның басты мақсаты – студент жастарды қолдау және дамыту, сондай-ақ бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру

Сенің жеңісің бүгіннен басталады

Университетіміздің “AqNiet” ұйымының белсенділері мектеп оқушылары үшін керемет іс-шара ұйымдастырды. Нақтырақ айтқанда, қаламыздың мектептері мен лицейлерінің 10-11 сынып оқушылары үшін “Сенің жеңісің бүгіннен басталады!” атты мотивациялық тренингтер сериясын өткізді.

Екі күн бойы оқушылар білікті мамандар мен республикалық еріктілердің көзқарастары мен белсенді жастар жүргізген түрлі тақырыптардағы маңызды да қызықты тренингтерге қатысты.

Іс-шара барысында тұлғалық дамуға серпін беріп, таным көкжиегін арттыратын тренингтермен қатар, бірқатар интерактивті ойындар мен естелік сыйлықтар берілетін лотереялар, бой жазар жаттығулар мен естен кетпес көңілді іс-шаралар ұйымдастырылды.



5 - Ж Е Л Т О Қ С А Н

SHULAMAN

Жастар ісі жөніндегі комитет ұйымдастыруымен SHULAMAN белсенді студенттерді қабылдау кеші биылғы жылдың басты оқиғаларының бірі болды! 😊
“ZORRO” мейрамханасы жарқын эмоциялар мен нағыз шоудың орталығына айналды. Әрбір студенттік ұйым өздерінің ерекше нөмірлерімен көрермендерді баурап алды. 🎉🎊🌟

400 студент қатысқан бұл шараны сәнді қонақтар, танымал әншілер мен құрметті тұлғалар ерекше әсерге бөледі. Ұйымдардың өнерлері мен әсерлі бағдарламалары бұл кештің басты көркі болды.

Vokeykhan жастары әр іс-шарада көрермендерді таңғалдыруға жалықпайды 🎉🎊

Шара барысында керемет сыйлықтар мен күтпеген тосын сыйлар да болды! 🎁🔥 Бұл кеш тек көңіл көтеру емес, шабыт пен қолдауға толы ерекше оқиғаға айналды. 💎

Ж А С Т А Р І С І Ж Ө Н І Н Д Е Г І К О М И Т Е Т

«Gumfac in your school » атты профориентациялық марафон өтті.

Мақсаты: Болашақ абитуриенттерге университет жайлы толық ақпарат беріліп, университетімізге үгіт – насихат жүргізу. Осы іс шарамыздың барысында тек қана мамандықтарға ғана емес, сонымен қатар студенттік өмір, университет бренді, әскери кафедра жайлы толық ақпарат берілді.




Желтоқсанның 2-8

Aq-Niet

21.12.2024

BRILLIANT FASHION DAY 2024



FASHION PRESENTATION

“BRILLIANT FASHION DAY 2024” Республикалық сұлулық және талант фестиваліне Aq-Niet және Семей жастар орталығының волонтерлары ретінде 5 ерікті қатысып, қызмет көрсетті.

Біздің волонтерларымыздың негізгі міндеттері – қонақтарды орындарына жайғастыру және көрермендердің жайлылығын қамтамасыз ету болды. Фестивальдің ең есте қаларлық сәті – Аугее әншісінің сахнаға шығуы еді!

Осындай керемет шараға қатысып, өз үлесімізді қосу біз үшін үлкен мәртебе. Бұл күннің есімізде ұзақ сақталатыны сөзсіз. Сонымен қатар, біз керемет тәжірибе жинақтадық және жаңа дағдыларды



QSA week



24 желтоқсан

Әлихан Университетінің жастар ұйымдары ағымдағы оқу жылының бірінші жартыжылдығының қорытындыларын шығарды.

Облыстық филармония залында өткен салтанатты шара барысында жастар ұйымдарының шеруі мен жартыжылдық жұмыс қорытындылары көрсетілген көрме жұмысы ұйымдастырылды.

Университеттің қоғамдық өміріне белсене араласқан білім алушыларға оқу орны басшылығының алғыс хаттары мен арнайы марапаттар табысталды.

Кеш бағдарламасы мерекелік концерттік бағдарламаға жалғасты.



Жаңа Жыл

Жаңа Жыл мерекесі қарсаңында Әлихан Бекейхан Университетінде профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлерге арналған мерекелік кеш өтті.

Кеш барысында университет студенттері оқытушылар қауымына арналған концерттік бағдарламасын ұсынып, университет басшылығы қызметкерлер қауымына мерекелік құттықтауын жеткізді.

Alikhan Bokeikhan University



Жаңа жыл кешін Студенттер Үйінде қарсы алған білім алушыларымыз 31 желтоқсан күні мерекелік кеш ұйымдастырып, жатақхана студенттері мен оқытушылар қауымына тамаша көңіл-күй сыйлады.

Назарларыңызға Студенттер Үйінде өткен мерекелік кештен түсірілген видео сюжетімізді ұсынамыз. Мерекелік кешті студенттермен бірге университет ректоры Александр Койчубаев пен үш факультеттің оқытушылар қауымы тамашалады.

Жаңа жыл



ИНСАЙД

Араға көп уақыт салмай, университетіміздің би клубы - ИНСАЙД өз жұмысын жалғастыруда. Осы жарты жылдықта өткен студенттік фестиваль, қабылдау кеші, және басқа да мәдени іс-шараларда өнер көрсетіп, көрерменнің ықыласына бөленуде. Қазіргі таңда клуб құрамында 25 талантты қыз бар. Олардың әрқайсысы би өнеріне деген ерекше махаббатымен және кәсіби шеберлігімен танылып келеді. Талантты бишілеріміздің қойылымдары тек университет деңгейінде ғана емес, қалалық және аймақтық жарыстарда да жоғары бағаланып, көрермендердің қошеметіне ие болуда. ИНСАЙД би клубы - бұл шығармашылық пен ынтымақтың, би әлеміндегі жаңашылдық пен үздік шеберліктің тоғысқан орны.



КАЗАВИАСПАС

- Әлихан-Бөкейхан-университетінің-жастары-Абай облысы-Төтенше-жағдайлар-департаментінің ұйымдастыруымен-өңірлік-БАҚ-өкілдері-және танымал-блогерлермен-бірге-құтқару-қызметінің жұмысымен-танысты
- Іс шара-барысы
- Студенттер- Казавиаспас -МИ АМТ-тікұшағына отырып -төтенше-жағдайлардың-алдын-алу құтқару-және-апатты-жағдайлар-кезінде қызметкерлердің-іс әрекетін-көріп -танысу мүмкіндігіне-ие-болды
- Мамандар-әуеден-бақылау -азаматтарды эвакуациялау-және-орман-өрттерін-әуе-құралдары арқылы-сөндіру-тәсілдерін-көрсетті
- Қорытынды
- Студенттер-департамент-қызметкерлерінің кәсібилігі-мен-ерлігіне-тәнті-болып -оқу жаттығу шараларын-ұйымдастырғаны-үшін-алғыс-айтты



2024



ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕРІНІҢ АЛЬЯНСЫ

2024 жылдың қазан айында Қазақстан студенттерінің альянсы жаңа киім топтамасын ұсынды. Бұл топтаманың басты элементтері – стильді худи мен футболка, жастардың арасында кеңінен танымал болды. Топтаманың дизайны қазіргі заман талабына сай жасалып, студенттердің талғамына дәл сәйкес келді.